

Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тіркелімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 мамырдағы № 406 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 1 шілдеде № 11522 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-276/2020 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 15.12.2020 № ҚР ДСМ-276/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-1-бабының 14) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тіркелімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика

министрі

Е.Досаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
_____ Т. Дүйсенова
2015 жылғы 29 мамыр

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 27 мамырдағы
№ 406 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тіркелімін жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тіркелімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тіркелімін (бұдан әрі - тіркелім) жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тіркелімін жүргізу тәртібі

2. Тіркелімді жүргізу деп:

- 1) жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға ұсынған ақпаратты халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосына енгізу;
- 2) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының тіркелімге енгізу туралы немесе енгізуден бас тарту туралы шешімді қарауы, қабылдауы;
- 3) әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттар туралы мәліметтер өзгерген кезде тіркелімді жаңарту;
- 4) тіркелімді интернет-ресурста орналастыру және оны жүйелі түрде жаңарту түсініледі.

3. Тіркелімге енгізу үшін жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтініш;
- 2) заңды тұлға үшін заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі немесе анықтама;
- 3) жеке кәсіпкер үшін жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі және жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы куәлік.

4. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы өтінішті оған қоса беріліп отырған құжаттармен бірге ол келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарайды.

5. Өтінішті, ұсынылған құжаттарды қарау және химиялық және биологиялық заттардың санитариялық-эпидемиологиялық сараптамасының немесе ғылыми сараптамасының нәтижелері бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы өтініш берушіні тіркелімге енгізу немесе тіркелімге енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

6. Тіркелімге енгізу туралы шешім халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрығы нысанында ресімделеді.

Тіркелімге енгізген немесе Тіркелімге енгізуден бас тартқан кезде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы өтініш берушіге осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген мерзім ішінде Тіркелімге енгізу туралы хабарламаны немесе дәлелді түрде бас тартуды жібереді.

7. Тіркелімге енгізуден бас тарту үшін негіз:

- 1) осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес талап етілетін құжаттарды ұсынбау;
- 2) ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтердің дұрыс болмауы және(немесе) толық болмауы;
- 3) химиялық және биологиялық заттардың санитариялық-эпидемиологиялық сараптамасының немесе ғылыми сараптамасының нәтижелері болып табылады.

8. Тіркелімге енгізуден бас тарту үшін негіз болған себептерді жойғаннан кейін жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды қайта ұсынады.

9. Тіркелімнен алып тастау үшін негіз:

- 1) жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның тіркелімнен ерікті түрде алып тастау туралы өтініші;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке кәсіпкер қызметінің тоқтатылуы, заңды тұлғаның таратылуы;

3) тіркелімге енгізу кезінде көрінеу жалған ақпарат ұсыну;

4) химиялық және биологиялық заттардың санитариялық-эпидемиологиялық сараптамасының немесе ғылыми сараптамасының нәтижелері болып табылады.

10. Тіркелімнен алып тастау туралы хабарлама жеке кәсіпкерге немесе заңды тұлғаға тіркелімнен алып тастау туралы бұйрық шығарылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жіберіледі.

11. Тіркелімді жүргізуді осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы жүзеге асырады.

12. Тіркелім жаңа ақпараттың келіп түсуіне қарай мерзімді баспасөз басылымдарында және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының интернет-ресурсында жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасында
қолдануға тыйым салынған
әлеуетті қауіпті химиялық,
биологиялық заттардың тіркелімін
жүргізу қағидаларына
қосымша

НЫСАН

Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тіркелімі

Р/с №	Әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттың атауы	Енгізу күні	Алып тастау күні	Халықтың денсаулығы үшін қауіпті зиянды қасиеттері туралы мәліметтер	Санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың немесе ғылыми сараптаманың күні мен нөмірі
1	2	3	4	5	6